

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы
жанындағы Қоғамдық кеңестің
№26 ХАТТАМАСЫ**

05 сәуір 2024 жыл

Алматы қ.

Өткізу форматы: аралас

«БЖЗҚ» АҚ ОА күндіз/

онлайн (Cisco Webex Meetings)

ҚАТЫСҚАНДАР

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы жанындағы Қоғамдық кеңес (бұдан әрі – Кеңес, ҚК) мүшелері:

- 1) Бурабаев Ерлан, ҚК төрағасы;
- 2) Алёхова Александра;
- 3) Алтынбекова Гүлсара;
- 4) Батищева Татьяна;
- 5) Жолдасбеков Азамат;
- 6) Донских Алевтина;
- 7) Құсайынов Айдархан;
- 8) Своик Петр;
- 9) Сейпильник Евгений;
- 10) Тәжібекова Жұмагүл;
- 11) Темірханов Мұрат;

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - БЖЗҚ) өкілдері (дауыс беру құқығынсыз):

- 1) Ж. Б. Құрманов, «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасы
- 2) С. А. Егеубаева, «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 3) Ж.Қ. Төлегенова, «БЖЗҚ» АҚ Басқарушы директоры;
- 4) К.Н. Фазылова, «БЖЗҚ» АҚ Стратегиялық даму департаментінің директоры;
- 5) М.А. Акмаева, «БЖЗҚ» АҚ Жұртшылықпен байланыс департаменті директорының орынбасары, ҚК хатшысы.

Шақырылған қатысушылар:

- 1) ҚРҰБ Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары Нұржан Нұрғазин;

Отырысқа Кеңестің 11 мүшесі қатысты. Кворум бар.

КҮН ТӘРТІБІ:

- 1) Ұйымдастыру мәселелері.
- 2) ҚР Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқарушы ретіндегі зейнетақы активтерін инвестициялау туралы есебі.
- 3) «БЖЗҚ» АҚ-ның 2023 жылдағы жұмысының қорытындысы.
- 4) 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Ұлттық қор - балаларға» жобасының іске асырылуы.

ҚАРАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Кеңес мүшелері Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының төрайымы Елена Бахмутованы Қоғамдық Кеңестің (бұдан әрі – ҚК) құрамына қабылдауға бірауыздан дауыс берді. Бұған дейін бұл ұйымның атынан Қоғамдық

кеңеске Ерлан Бурабаев қатысатын. Ол 2024 жылғы 28 наурыздан бастап Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының Басқарма төрағасы болды. Бірақ Е.Бурабаев БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңестің төрағасы лауазымында қалды.

Сондай-ақ, Кеңес шешімімен Николай Дрозд пен Әділ Мамажановтың құрамнан шығу туралы өтініштері қаралып, қанағаттандырылды.

Қазір БЖЗҚ жанындағы Қоғамдық кеңес құрамына 14 адам кіреді. Олардың ішінде қаржы нарығының сарапшылары, экономистер, қоғам қайраткерлері, қоғамдық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар. Қоғамдық кеңестің толық тізімімен enpf.kz сайтынан танысуға болады.

Күн тәртібіндегі 2 мәселе бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары Нұржан Нұрғазин сөз сөйледі. Ол 2014 жылғы сәуірден бастап зейнетақы активтерінің құрылымы мен оң динамикасы (БЖЗҚ-да жеке зейнетақы қорларын шоғырландыру аяқталған кез), сондай-ақ, олардың 2024 жылғы 1 сәуірдегі жыл басынан бергі өсімі туралы ақпарат берді.

Баяндамашы БЖЗҚ-ның зейнетақы активтері 2024 жылдың басынан бастап 1 трлн теңгеге немесе 5,6% мөлшерге ұлғайып, 18,8 трлн теңге болғанын атап өтті. 2016-2019 жылдар аралығында БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесі кезең-кезеңімен 17% - дан 33% - ға дейін ұлғайтылды. Бұл ретте баяндамашы Ұлттық Банк зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейінде қолдауды жоспарлап отырғанын атап өтті.

Нұрғазин Нұржан, сондай-ақ, зейнетақы активтерінің 2024 жылдың басынан бергі кірістілігі туралы хабардар етті. Ол 3,2% болды. Ал есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 581,3 млрд теңге. 2023 жылғы кірістілік - 10,1%, есептелген инвестициялық кіріс мөлшері 1,6 трлн теңге. 2014 жылдан бастап 2024 жылғы наурызға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің жинақталған кірістілігі жинақталған инфляция 141,6% болғанда 145,3% көрсетті.

Баяндамашы валюта портфелінің нысаналы бөлінуі туралы айта келіп, валюта портфелінің ағымдағы құрылымын оның белгіленген нысаналы мәндеріне келтіру жөніндегі жұмыстың кезең-кезеңмен жүзеге асырылатынын атап өтті

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі активтердің валюталық үлесін 30% деңгейінде ұстап тұруды жоспарлап отыр. Сондай-ақ, белгіленген лимиттерге сәйкес ҚРҰБ квазимемлекеттік ұйымдар мен екінші деңгейдегі банктердің құралдарын сатып алуды қарастыратын болады. Сонымен қатар, ҚРҰБ зейнетақы активтерін басқару тиімділігін, оның ішінде салымшылардың өздерінің зейнетақы жинақтарын жеке басқарушыларға беруге мүдделілігін арттыру жөніндегі жұмыстарды да жалғастыра бермек.

[ҚРҰБ-тың](#) зейнетақы активтерін сенімгерлік басқарушы ретінде жасаған егжей-тегжейлі есебі enpf.kz сайтындағы "Қоғамдық кеңес – Отырыстар мен таныстырылымдар хаттамалары" бөлімінде орналастырылған.

ҚРҰБ Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары жасаған баяндаманы талқылай отырып, Кеңес мүшелері сұрақтар қойып, өз пікірлерін білдірді:

1. ҚРҰБ салымшылар үшін инвестициялық декларацияда көрсетілуі тиіс кірістерді барынша арттыру міндетін қою қажет.

2. ҚРҰБ басқаруындағы зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляциядан кем емес + 2 мөлшерінде болуға тиіс.

3. Кірістіліктің қаншалықты қолайлы екендігін бағалауға, кірістілік туралы ақпаратты инфляциямен ғана емес, қаржы нарығының басқа көрсеткіштерімен (базалық мөлшерлеме, индекстермен және т.б.) салыстыра отырып беруге болатын кірістілік дәлізі болуы қажет.

4. БЖЗҚ Директорлар кеңесіне салымшылардың мүдделерін білдіретін және инвестициялық декларацияны бекітуге қатысатын, оны өзгерту жөнінде ұсынымдар жасайтын тәуелсіз мүшелер мен кәсіпқойларды енгізе отырып, БЖЗҚ-ны корпоративтік басқару тәсілін өзгерту қажет.

5. ҚРҰБ үлкен ресурстарды дербес басқарады (зейнетақы активтері ЖІӨ-нің 15% тең), бұл ретте ҚРҰБ-та сыртқы реттеуші жоқ. ҚРҰБ басқармасында нарық өкілдері жоқ, яғни халық өкілдерімен байланыс жоқ. Зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқарудың өте маңызды функциясын орындай отырып, ҚРҰБ өз функцияларын тиімді орындайтынын көпшілік алдында дәлелдеуге міндетті.

6. Мемлекеттің БЖЗҚ-ны басқарудағы өкілеттіктерін бөлісу қажет, себебі, мүдделердің тікелей қақтығысы байқалады.

7. Егер нарық қандай да бір құралдар бойынша сәйкес болмаса, банктердің облигацияларын "нарықтық шарттарда" сатып алу арқылы салымшылардың қаражатын тәуекелге тігуге болмайды.

8. ҚРҰБ-тың зейнетақы активтерін басқару құралдары туралы мәлімет беретін есеп беру нысанын оңтайландыру қажет, оны неғұрлым қолжетімді және түсінікті форматта ұсынған жөн, бенчмаркингті (кірістілік дәлізін) және осы дәлізден ауытқуларды түсіндіре отырып, нақты кірістілікті көрсету қажет.

ҚК мүшелерінің сұрақтарына жауап бере отырып, Нұржан Нұрғазин мынаны атап өтті:

- сенімгерлікпен басқарушы барлық инвестицияларды салымшылардың мүддесі үшін тек нарықтық шарттарда жүзеге асырады. Инвестициялық комитет зейнетақы активтерін инвестициялау бойынша ең тиімді шешімдерді алқалы түрде қабылдайды, нарықтық, несиелік тәуекелдерді қоса алғанда, барлық тәуекелдерді ескереді, портфельдің оңтайлы құрылымын, құралдар бойынша кірістілікті қалыптастырады;

- базалық мөлшерлеме және басқа да көрсеткіштер - ақша нарығының өте қысқа мерзім ішіндегі кірістілігін көрсететін құралдар. ҚРҰБ портфельін ұзақ мерзімді кезең ішінде қарастыру қажет. 2022 жылы қалыптан тыс инфляция болды (20%), мұндай жағдайда бір де бір құрал 20%-дан жоғары табыс әкелмейді;

- жаңа инвестициялық декларация 2021 жылы қабылданды. Оған жыл сайын нарық талаптарына сәйкес өзгерістер енгізіледі. Жаңа стратегиялық аллокация қалыптасты (портфельдегі үлестердің әр құралдар класына және әр құралға жеке-жеке оңтайлы арақатынасы), жыл сайын қайта теңгерімдеу (қымбаттаған активтерді сату және арзандатылғандарды сатып алу) жүреді, алайда негізгі және балама инвестициялар арасында белгілі бір тепе-теңдік сақталады, бұл таңдалған стратегияның ұзақ мерзімді сипатын болжайды;

- таңдалған стратегияны іске асыру кезінде, оның ішінде шамамен 500 млрд теңгені құрайтын ақша нарығының қысқа мерзімді құралдары пайдаланылады, мысалы, ҚРҰБ қысқа мерзімді депозиттері, РЕПО, сондай-ақ, валюта, ұзақ мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздар (лимиті портфельдің 25%-нан аспайды) сатып алынады, ондағы кірістілік - 12,5-13%. Бұл көрсеткіш инфляциядан жоғары.

- ҚРҰБ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 50% шекті лимитке қол жеткізу мүмкіндігі болған кезде 30% деңгейінде ұстап тұруға ұмтылуда;

- салымшылардың өз зейнетақы жинақтарын жеке басқарушы компанияларға беруге мүдделілігін арттыру мақсатында ҚРҰБ Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен (ҚНРДА) бірлесіп индекстік басқаруды әзірлеуде. ИПБ-ларға құралдардың неғұрлым жоғары кірістілігін бере алатын стратегиялық аллокация көрсетілетін болады. Бұл стратегиялар ИПБ-ларға пайдалану үшін ұсынылмақ. Салымшылардың зейнетақы активтерінің сақталуына кепілдік беру, ИПБ қызметінің шарттарына қатысты мәселелері де талқыланып, шешімін табуы тиіс;

- нарықта валюта сатып алынған кезде АҚШ-тың қысқа мерзімді мемлекеттік бағалы қағаздары сатып алынады. Осы қағаздар өтелгеннен кейін зейнетақы активтері индекстік басқару шеңберінде сыртқы басқарушыларға біртіндеп беріледі.

Төмендегі ұсыныстар түсті:

- ҚР Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқарушы ретіндегі зейнетақы активтерін инвестициялау туралы есебі назарға алынсын;
- Бенчмаркингті (кірістілік дәлізін) көрсете отырып және осы дәлізден ауытқуды түсіндіре отырып, зейнетақы активтерін неғұрлым қолжетімді және түсінікті форматта басқару жөніндегі құралдарды ұсынатын ҚРҰБ есептілігінің оңтайландырылған нысанын ұсыну.
- Дауыс берді:
 - «қолдаймын» – 11
 - «қарсымын» – 0
 - «қалыс қалдым» – 0.

Шешім қабылданды.

Күн тәртібіндегі 3 мәселе бойынша Қордың Стратегиялық даму департаментінің директоры Камиля Фазылова сөз сөйледі. Ол зейнетақы жинақтарының, зейнетақы жарналарының оң динамикасы мен құрылымы, төлемдердің көлемі мен құрылымы, инвестициялық кіріс және "БЖЗҚ" АҚ қызметінің басқа да көрсеткіштері, сондай-ақ, олардың 2024 жылғы 1 қаңтардағы өсімі, әрбір қатысушымен зейнетақы қызметтері мен коммуникацияларды көрсетуге дербестендірілген тәсілді іске асыру жөніндегі құралдар, жұртшылықпен тиімді өзара іс-қимыл және т. б. туралы ақпарат берді.

Ол алдыңғы жылдардағы айтарлықтай мөлшердегі алымдардан кейін 2023 жылы зейнетақы активтерінің өсу серпіні қалпына келіп, республиканың ЖІӨ-не қатысы 15% жеткенін атап өтті. Белсенді салымшылардың саны артып, олардың 78% міндетті зейнетақы жарналарын жылына 6-дан 12 ретке дейін аударған. Міндетті зейнетақы жарнасының орташа мөлшері шамамен 33 мың теңге. Бұл ел бойынша орташа жалақы туралы деректермен сәйкес келуі мүмкін. Сондай-ақ, баяндамашы ЖЗЖ-ға қатысу өтіліне, зейнетақы төлемдерінің құрылымына және БЖЗҚ қызметінің басқа да көрсеткіштеріне байланысты жинақтардың орташа сомасы туралы мағлұмат берді.

Зейнетақы активтері мен ЖІӨ өсімінің арақатынасы, салымшылардың құрылымы, жарналар мен төлемдердің көлемі, БЖЗҚ қызметтері, сондай-ақ, БЖЗҚ-ның жетістіктері мен іске асырылған жобалары туралы ақпаратты қамтитын, [БЖЗҚ-ның 2023 жылғы қызметі туралы толық есеп](#) epnf.kz сайтындағы "Қор туралы" - "Қоғамдық кеңес" - "Хаттамалар, таныстырылымдар..." - 26 отырыс бөлімінде орналастырылған.

Алынған ақпаратты, зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге алу бойынша деректерді, есепте көрсетілген жұмыспен қамтылғандардың құрылымын, сондай-ақ, басқа да мәселелерді талқылағаннан кейін 2023 жылғы 12 айдағы БЖЗҚ қызметі туралы ақпаратты назарға алу туралы ұсыныс түсті.

Дауыс берді:

- «қолдаймын» – 11
- «қарсымын» – 0
- «қалыс қалдым» – 0.

Шешім қабылданды.

4 сұраққа ауыса отырып, "БЖЗҚ" АҚ Басқарушы директоры Жанар Төлегенова қатысушыларды 2024 жылғы 1 қаңтарда басталған "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасын іске асыру барысымен таныстырды. Айтылған мәліметтер бойынша нысаналы талаптарға 6 919 131 бала қатысты, оның ішінде 304 815 бала 2024 жылы 18 жасқа толады және оларға 100 АҚШ доллары 52 центі сомасы мөлшерінде нысаналы жинақтау шоты есептелді.

Азаматтар бұл қаражатты 18 жасқа толғаннан кейін бірден пайдалана алады. 1 сәуірдегі жағдай бойынша мұндай балалар саны 71 221 болды. Кеңес мүшелерінің сұрақтарына жауап бере отырып, Төлегенова БЖЗҚ-ның аталған күнге уәкілетті операторлардан келіп түскен жалпы сомасы 200 мың АҚШ долларын құрайтын 2 мыңға жуық өтінішін орындағанын атап өтті. Отырысқа қатысушылар Ұлттық қордан бөлінген қаражатты пайдалану белсенділігі жазға қарай артады деген болжам жасады. Себебі, ол кезде жастар жаппай білім алу мәселелерін шешумен айналысады.

ҚК мүшелері 18 жасқа 2024 жылы толатын азаматтардың Ұлттық қордан бөлінетін қаражатты осы жасқа толғанға дейін алып қоюы және төлемді 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтың 18 жасқа толуына дейінгі кезең ішінде инвестициялану мүмкіндігін пайдаланбастан алуға өтініш білдіретіндігіне алаңдаушылық танытты. Сондай-ақ, бүгінгі күні қанша адам 18 жасқа толды, бірақ төлем алуға әлі өтініш бермеген деген сұрақ туындады. БЖЗҚ өкілдері бұл ақпарат жүктелгеннен кейін отырыс қорытындысы бойынша хабарламаға енгізілетінін және жалпы статистикада көрсетілетінін хабарлады.

Ұсыныс түсті:

- «Ұлттық қор - балаларға» жобасын іске туралы баяндама назарға алынсын.

Дауыс берді:

«қолдаймын» – 11

«қарсымын» – 0

«қалыс қалдым» – 0.

Шешім қабылданды.

ШЕШТІ:

Отырыстың күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша:

- Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығының төрағасы Е. Бахмутова ҚК құрамына қабылдансын.
- Николай Дрозд пен Әділ Мамажановтың ҚК құрамынан шығу туралы өтініштері қанағаттандырылсын.

Отырыстың күн тәртібінің 2 мәселесі бойынша:

- ҚР Ұлттық Банкінің сенімгерлік басқарушы ретіндегі зейнетақы активтерін инвестициялау туралы есебі назарға алынсын.

Отырыстың күн тәртібінің 3 мәселесі бойынша:

- 2023 жылғы 12 айдағы БЖЗҚ қызметі туралы ақпарат назарға алынсын.

Отырыстың күн тәртібінің 4 мәселесі бойынша:

- "Ұлттық қор – балаларға" жобасының іске асырылуы туралы баяндама назарға алынсын.

ҚК төрағасы

Е. Бурабаев

ҚК хатшысы

М. Акмаева